

Бекітемін
«Сарат мектеп - бөбекжай - балабақша кешені» директорының орынбасары Ж.Б.Қайдақова
« 2 _____ » 2024ж

Келісемін
«Әйтеке би аудандық білім бөлімі» ММ-нің басшысы С.Б.Биртаева
« _____ » 2024ж

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Сарат мектеп - бөбекжай - балабақша кешені» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Бағдарлама

«Өнерлі екен , он саусақ »

Әзірлеуші : Б.Т.Сейтқалиева

Лауазымы: тәрбиеші

Балалардың жасы: 5 жас

Іске асыру мерзімі: 2024-2025 оқу жылы

Сарат ауылы

Түсінік хат

Дәстүрден тыс әдіс арқылы сурет салу, мүсіндеу, қол еңбегі бүлдіршіндердің ең сүйікті ісі де болады. Өйткені, бояу әлеміне ену, оны қолмен ұстап, сезіну арқылы салынған дүние – балалардың танымдық деңгейін ғана емес, сонымен бірге қоршаған ортаға деген қызығушылығын да арттырады. Сондықтан болар, дәстүрден тыс әдіс арқылы бейнелеу:

- баланың психикасына (эмоционалдық жағдайына);
- логикалық ойлау қабілетіне;
- саусақ моторикасының дамуына;
- қағаз бетіне бағдарлай білуді;
- көзбен көріп, мөлшерлей білуді;
- эстетикалық талғамының қалыптасуына зор ықпал етеді.

Жалпы, мектепке дейінгі мекемелердегі бейнелеу өнерінің, мүсіндеудің, табиғи материалдармен жұмыс жасаудың шығармашылық қабілеттерін шыңдауда балалар үшін маңызы зор. Өз түсінгенін бұқпасыз, боямасыз жеткізетін жеткіншектің бояу арқылы бағдарлауында тәрбиешінің орны ерекше. Сондықтан да, өзімнің шығармашылық жұмысымның арқауы ретінде осы дәстүрден тыс әдіс арқылы сурет салуды, мүсіндеуді, қол еңбегін алуды жөн көрдік. Аптасына бір рет өткізілетін бұл іс-әрекеттер балалардың қиялын, ой-өрісін дамытады, шығармашылыққа жетелейді.

Шығармашылық жұмысымның өзектілігіне келер болсақ: Бала қиялына ерік беру арқылы оның ішкі сезімін, жан дүниесін бағдарлау, нәтижеге жетер жолдағы тиянақтылық пен іскерлік дағдысын дамыту.

«Өнерлі екен он саусақ» балаларды дәстүрден тыс әдіс арқылы сурет салуға, мүсіндеуге, жапсыруға, табиғи материалдарды қолданып өз шығармашылық қабілеттерін дамытып, жасаған жұмыстары туралы әңгімелей білуге үйретеді. Аптасына 1 сағат, жылдық 36 сағатқа дайындалған.

Мақсаты: Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық ойлау қабілетін, мәдениетін дамыту. Шығармашылық іскерліктері мен эстетикалық талғамын қалыптастыру. Балаларды түрлі материалдармен жұмыс жасауға дағдыландыру; Саусақ бұлшық еттерін дамыту; Көркемдік талғамдарын және шығармашылық қабілетін дамытып, өнердегі әсемдікті сезінуге, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Композиция жасауды, заттарды қағаз парағына орналастыруды үйрету, жалпы түске байланысты бояулардың әдемі үйлесуін табу, мүсіндеудің алуан түрлі әдіс - тәсілдерін үйрету.

Міндеттері:

Балалардың шығармашылық қабілеттерін шыңдап, бір затты әр қырынан көре білулеріне, жасаған жұмыстарын талдауға, өз ойларын жеткізе білулеріне машықтандыру.

Бейнелеу өнеріне қажетті негізгі техникалық дағдыларды меңгерту.

Саусақ моторикасының дамуына, эстетикалық талғамының қалыптасуына ықпал ету.

Сурет өнеріне деген қызығушылықтарын арттыру.

Бастаған істі аяғына жеткізуге, шыдамдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелей отырып, рухани – адамгершілік қасиетін дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру.

Күтілетін нәтиже: Сурет салуға қызығушылықтары артады, саусақ бұлшық еттері жаттығады,

табиғи материалдарды қолдануға үйренеді, эстетикалық талғамы дамиды, ой - өрісі кеңейеді. Дәстүрден тыс әдіс арқылы бейнелеу техникасын меңгеріп, өз беттерінше жұмыс жасайды.

Шығармашылық қабілеттері шыңдалады.

Жасаған жұмысы туралы айтып бере алады

Пікір

«Өнерлі екен он саусақ» - мектепалды сыныбындағы қосымша өтілетін қажетті ұйымдастырылған оқу- іс әрекеті. Балалардың эстетикалық көзқарасы мен талғамын дамытудың бірден-бір жолы көркемөнер болып табылады. Бұл іс әрекеттің құрылымы жас ерекшеліктеріне, даярлық деңгейіне, жеке ынтасы мен талаптарының артуына қарай құрылып отыр. Түрлі өнерге үйретудің әдіс тәсілдері мен жолдары ұсынылған. Құрылған бағдарлама балалардың эстетикалық сезімдерін, көркемдік талғамдарын, өнердегі әсемдікті сезінуге, еңбек сүйгіштікке тәрбиелейді. Балаларды дәстүрден тыс әдіс арқылы сурет салуға, мүсіндеуге, жапсыруға, табиғи материалдарды қолданып өз шығармашылық қабілеттерін дамытып, жасаған жұмыстары туралы әңгімелей білуге үйретеді. Аптасына 1 сағат, жылдық 33 сағатқа дайындалған. Балалардың шығармашылық қабілеттерін шыңдап, бір затты әр қырынан көре білулеріне, жасаған жұмыстарын талдауға, өз ойларын жеткізе білулеріне машықтандыру. Бейнелеу өнеріне қажетті негізгі техникалық дағдыларды меңгерту. Саусақ моторикасының дамуына, эстетикалық талғамының қалыптасуына ықпал ету. Сурет өнеріне деген қызығушылықтарын арттыру. Бастаған істі аяғына жеткізуге, шыдамдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелей отырып, рухани – адамгершілік қасиетін дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру.

«Сарат мектеп- бөбесі»



Ж.Б.Қайдақова

Бағдарламаның мазмұны

р/с	Тақырыбы	Сағат саны
1	Ұшақтар	1
2	Аққулар	1
3	Сиыр	1
4	Паровоз	1
5	Әтеш пен бақа	1
6	Алтын балық	1
7	Қайық	1
8	Қашқаргүл (астра)	1
9	Арыстан	1
10	Аққала	1
11	Үйрек	1
12	Түймедақ	1
13	Қысқы киім	1
14	Тасбақаның суретін салып үйренеміз	1
15	Досыма сыйлық	1
16	Қалампыр	1
17	Тату жанұя	1
18	Қоңыраугүл	1
19	Қояндар	1
20	Молшылық, береке	1
21	Бақа	1
22	Қаздың балапаны	1
23	Бақ - бақ	1
24	Балықтар.	1
25	Анамызға сыйлық	1
26	Гүлдер әлемі	1

27	Орманда	1
28	Көлде жүзген аққу	1
29	Қайықша.	1
30	Қонжық	1
31	«Алқаптағы гүлдер»	
32	Құстар	2
-		
33		

р/с	Тақырыбы	Шарты	Қолданылатын материалдар	Сағат саны
1	Ұшақтар	Қағаздың түрлерімен таныстыру, қағаздан бүктеу әдісін түсіндіріп, дайындау.	Түрлі- түсті қағаздар	1
2	Аққулар	Қағаздың түрлерімен таныстыру, ұқыпты жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру.	Түрлі -түсті қағаз ,клей,қайшы	1
3	Сиыр	Сурет салуға қызығушылығын арттыру, қарындашты оң қолымен ұстауға үйрету, жаттықтыру.	Қағаз,түрлі-түсті бояулар	1
4	Паровоз	Мүсіндеу барысында шағын көлемді кесек есу әдіс – тәсілдерін түсіндіру.	Ермексаз	1
5	Өтеш пен бақа	Балаларға түрлі - түсті қағаздарды таныстыра отырып, үлгілерін бастырып кию. Қағазбен жұмыс жасау іскерлік дағдыларын қалыптастыру.	Қағаз,карандаш, қайшы ,сурет	1
6	Алтын балық	Қағазбен жұмыс жасау дағдыларын жетілдіру, дайын болған жұмыстарын әшекейлеуге үйрету.	Сурет, түрлі заттар	1
7	Қайық	Бүктеп жасай білуге үйрету. Қағазбен жұмыс жасау дағдыларын жетілдіру	Қағаз	1
8	Қашқаргүл (астра)	Балаларды гүлдермен таныстыруды жалғастыру. Мүсіндеу арқылы балалардың қол икемділіктерін арттыру.	Ермексаз	1
9	Арыстан	Түрлі қағаздардан арыстан бейнесін бастырып жапсыру.	Сурет ,қағаз,желім	1
10	Аққала	Өз қолымен бұйым жасауға қызығушылығын арттыру. Қиып алынған бөлшектерді әдемі орналастырып бекіту.	Түрлі -түсті қағаз ,қайшы ,желім	1
11	Үйрек	Тұзды қамырды ұқыпты пайдалану. Қол икемділіктерін арттыру.	Ермексаз	1
12	Түймедақ	Бүктеу әдіс - тәсілдерді түсіндіру.	Қағаз	1
13	Қысқы киім	Матаның сапасымен, тігіншілер еңбегімен таныстырып, еңбек туралы мақал - мәтелдер жаттату	Киімдердің суреттері	1
14	Тасбақаның суретін салып үйренеміз	Сурет салуға қызығушылықтарын арттыру, ұқыпты бояуға жетелеу.	Карандаш,қағаз ,түрлі түсті бояулар	1
15	Досыма сыйлық	Мүсіндеу барысында шағын көлемді кесек есу әдіс - тәсілдерін көрсету.	Ермексаз	1
16	Қалампыр	Қағазбен әртүрлі жұмыс дағдыларын жетілдіру.	Қағаз	1
17	Тату жанұя	Балаларға отбасы туралы әңгімелер оқып беріп, тақпақтар, нақыл сөздер жаттау. Отбасы туралы мүсіндеу.	Отбасылық суреттер	1
18	Қоңыраугүл	Сурет салуға қызығушылығын арттыру, қарындашты оң қолымен ұстауға үйретіп жаттықтыру.	Карандаштар түрлі	1
19	Қояндар	Түрлі бүктеу әдіс - тәсілдерін үйрету.	Қағаз түрлері	1
20	Молшылық, береке	Түрлі материалдармен жұмыс жасауға, қауіпсіздік ережелерін сақтауға дағдыландыру.	Түрлі материалдармен жұмыс	1
21	Бақа	Қағаздарды бүктеу тәсілдерін жасап жаттығу.	Қағаз	1

22	Қаздың балапаны	Балаларды ине - жіппен жұмыс жасауға жаттықтыру.	Жіп ,инесімен	1
23	Бақ - бақ	Балалардың ынта - ықыласын арттыру, көтеріңкі көңіл - күй туындату.	Ермексаз	1
24	Балықтар.	Саусақ икемділіктерін әрі қарай жаттықтыру. Түрлі пішіндерді мүсіндеу.	Ермексаз	1
25	Анамызға сыйлық	Түсті қағаздардан гүл құрастыру. Аналарына сыйлық дайындау.	Түрлі қағаздар	1
26	Гүлдер әлемі	Балалардың бояумен сурет салуға қызығушылығын арттыру. Дөңгелек затты түрлі бағыттағы түзу сызықтармен үйлестіріп салу	Түрлі -түсті бояулар	1
27	Орманда	Балаларға гүлдердің түрлері туралы ертегі оқып беріп, мазмұндау. Балаларды бояумен сурет салғызуға қызығушылығын арттыру. Дөңгелек затты түрлі бағыттағы түзу сызықтармен үйлестіріп салу.	Түрлі- түсті бояулар	1
28	Көлде жүзген аққу	Тұзды қамырды ұқыпты бояу. Қол икемділіктерін арттыру.	Ермексаз	1
29	Қайықша.	Қайықшаны түрлі қағазбен бүктеу тәсілдерін жасауға жаттықтыру.	Қағаз	1
30	Қонжық (кол еңбегі)	Аюдың аюдың баласы туралы ертегі оқып беру, мазмұндау. Әртүрлі материалдарды біріктіріп, аюлар бейнесін жасауға үйрету. Дене бөліктерін біріктіріп, желімдеу, балалардың ой-қиялын дамыту.	Қағаз ,қайшы ,желім ,сурет бөліктері	1
31	«Алқаптағы гүлдер»	«Көктем» мезгілінде өсетін гүлдер туралы тақпақ жаттау. Көктем гүлдерін жинақтап, кептіріп жапсырмалау.	Қағаз ,қайшы ,желім ,сурет бөліктері	
32 - 33	Құстар	Балаларға «Құстар» туралы ертегі оқып беру. Тақпақ жаттау. Балаларды табиғаттағы құстарды аялап, баптап, күте білуге үйрету. Құстарға деген қамқорлық көзқарастарын тереңдету. Құстардың суретін салу. Сурет салуға қызығушылықтарын арттыру.	Түрлі -түсті бояулар	2
Барлығы				33

Пайдаланылган әдебиеттер:

Тәрбиешіге арналған:

1. «Сурет салу әдістемесі»2012ж
2. «Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту» журналы,2014ж,№5
3. «Апликация әдістемесі»2012ж,
4. «Мүсіндеу» әдістемесі.2015ж.
5. «Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту»журналы 2015ж.№3
6. «Ұстаз газеті» 2015ж,№2

Тәрбиеленушіге арналған:

1. «Сурет салу әдістемесі»2012ж
2. «Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту»2014ж,№2
3. «Ертегілер елінде» журналы,2016ж,№3
4. «Балдырған»журналы ,2014ж,№5
5. «Мөлдір бұлақ»журналы ,2013ж,№2